

## Коммуналдық меншікке келіп тұсken қараусыз қалған жануарларды келіп тұсу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Маңғыстау облысы Тұпқараған ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 11 наурыздағы № 61 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 10 сәуірде № 2238 тіркелді.

**Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді -**  
**Маңғыстау облысы Тұпқараған ауданы әкімдігінің 15.05.2023 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 31 - бабы 1 - тармағының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413 - IV "Мемлекеттік мұлік туралы" Заңының 18 - бабы 22) тармақшасы және 31 бабы, Қазақстан Республикасы Премьер - Министрінің 2011 жылғы 18 сәуірдегі № 49 - ө "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" өкіміне сәйкес, Тұпқараған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Коммуналдық меншікке келіп тұсken қараусыз қалған жануарларды келіп тұсу және пайдалану қағидалары бекітілсін.

**Ескерту. 1 - тармақ жаңа редакцияда -** **Маңғыстау облысы Тұпқараған ауданы әкімдігінің 15.05.2023 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Коммуналдық меншікке келіп тұsken қараусыз қалған жануарларды келіп тұсу және пайдалану қағидасының орындалуы "Тұпқараған аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (Ж.Ж.Төлеген) тапсырылсын.

3. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары Д.Мендіхановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап қүшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Аудан әкімі Т.Т.Асауов**

**КЕЛІСІЛДІ:**

"Тұпқараған аудандық экономика

және қаржы бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы м.а.

Төлеген Жанаргүл Жанайымқызы

11 наурыз 2013 жыл

"Тұпқараған аудандық ауыл шаруашылығы  
және ветеринария бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Жұмағазиев Аманқос Даuletjanuly

11 наурыз 2013 жыл

Тұпқараған ауданы әкімдігінің

11 наурыз 2013 жылғы

№ 61 қаулысына қосымша

## **Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану қағидалары**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Тұпқараған ауданы  
әкімдігінің 15.05.2023 №70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он  
күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп  
түсу және пайдалану қағидалары (әрі қарай- Қағидалар) Қазақстан Республикасының  
Азаматтық Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мұлік туралы"  
Заңына сәйкес жасақталды және коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған  
жануарларды келіп түсу және пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Өзінің бағуында және пайдалануында қараусыз қалған жануарлар болған адам  
өзінің бағуындағы жануарларды меншігіне алудан бас тартқан кезде олар аудандық  
коммуналдық меншікке түседі және осы қағидалармен айқындалған тәртіппен  
пайдаланылады.

### **2-taraу. Қараусыз қалған жануарлардың аудандық коммуналдық меншікке келіп түсуі**

3. Қараусыз қалған жануарлардың аудандық коммуналдық меншікке келіп түсуі  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 "Жекелеген  
негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мұлікті есепке алудың,  
сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері" қаулысымен  
бекітілген Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен)  
мұлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидаларына сәйкес  
мұлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру актісі негізінде жүзеге  
асырылады. Мұлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдау-беру актісі қараусыз  
қалған жануарларды берген тұлғаның, тиісті ауыл, ауылдық округ әкімінің, "  
Тұпқараған аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік

мекемесінің және "Тұпқараған аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – экономика және қаржы бөлімі) қатысуымен жасалады.

### **3-тарау. Қараусыз қалған жануарларды пайдалану**

4. Қараусыз немесе қаңғып жүрген малды және басқа да үй жануарларын немесе қолға үйретілген жануарларды ұстап алған адам оларды меншік иесіне қайтаруға, ал егер оның өзі немесе тұрған жері белгісіз болса, осындай жануарларды ұстаған кезден бастап үш күннен кешіктірмей табылған жануарлар туралы ішкі істер органдарына немесе жергілікті атқарушы органдарына мәлімдеуге міндетті, олар меншік иесін іздестіру шараларын қолданады.

Жануарлардың меншік иесін іздестіру кезеңінде жануарларды ұсташы адам оларды өзінің бағуында және пайдалануында қалдыруы, не ол бағу мен пайдалану үшін қажетті жағдайы бар басқа адамға тапсыруы мүмкін. Жануарларды ұстап алған адамның өтініші бойынша оларды бағу мен пайдалану үшін қажетті жағдайы бар адамды іздең табуды және оларға жануарларды беруді жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

5. Жануарларды ұстап алған адам және олар бағуы мен пайдалануына берілген адам жануарлардың өлім-жітімі мен іске жарамай қалғаны үшін бұған кінәсі болған кездеғана және сол жануарлардың құны мөлшерінде жауапты болады.

6. Жануарларды меншік иесіне қайтарған ретте жануарларды ұстап алған адам және жануарларды бағып және пайдаланып келген адам сол меншік иесінен жануарларды пайдаланудан алынған пайданы есепке жатқыза отырып, оларды бағуға байланысты өз шығындарына өтем алуға құқылы.

7. Қараусыз немесе қаңғып жүрген малды және басқа да үй жануарларын немесе қолға үйретілген жануарларды ұстап алған адам олардың меншік иесінен Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодекстің 245-бабының 6-тармағына сәйкес сыйақы төлеуді талап етуге құқылы.

### **4-тарау. Қараусыз қалған жануарларға меншік құқығының пайда болуы**

8. Егер жұмыс малы мен ірі қараны ұстап алғаны туралы мәлімделген кезден бастап алты ай ішінде және басқа үй жануарлары жөнінде - екі ай ішінде олардың меншік иесі табылмаса және оларға өзінің құқығы туралы мәлімдемесе, бұл жануарларға меншік құқығы жануарларды баққан және пайдаланған адамға көшеді.

9. Жануарлар басқа адамның меншігіне көшкеннен кейін олардың бұрынғы меншік иесі келген ретте сол жануарлардың өзіне үйірсектігі сақталғанын немесе жаңа меншік иесінің оларға қатал не өзгедей мейірімсіз қарағанын дәлелдейтін жағдайлар болған

кезде меншік иесі жаңа меншік иесімен келісім бойынша белгіленетін шарттармен, ал келісімге келмеген кезде - сот арқылы оларды өзіне қайтарып беруді талап етуге құқылы.

### **5-тaraу. Қорытынды ереже**

10. Қараусыз қалған жануарларды сатудан түскен қаражат Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіpte толығымен жергілікті бюджет кірісіне толық есептеледі.

11. Қараусыз қалған жануарларды есепке алуға, бағалауға, сақтауға және одан әрі пайдалану жөніндегі өзге де шығындарға байланысты шығыстар жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК